



БҰЙРЫҚ

10.09.2024 г.
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *330*
город Нур-Султан

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамының жарғысына
өзгеріс енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 177-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2021 жылғы 9 қыркүйектегі № КГИП-03-КГ/6762 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жарғысына қоса беріліп отырған өзгеріс бекітілсін.

2. Қоғамның президентіне Қоғамның жарғысына өзгеріске қол қоюға өкілеттік берілсін және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қаржы департаментіне жүктелсін.


4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Шәпкенов

С. Шәпкенов



004187

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2021 жылғы «10» қарашада
№ 330 бұйрығымен бекітілген

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының
Жарғысына енгізілетін өзгеріс**

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының жарғысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қоғамның орналасқан жері: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 70-ғимарат.».

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамының Президенті**



Д. Арғындықов